


Б. АМАНШИН
«МАХАМБЕТТИҢ ТАҒДЫРЫ»



ЖОСПАР

1. Б.Аманшиннің сөзі
2. Б.Аманшиннің өмірбаяны
3. Тақырып, Идея
4. Қортынды



*Махамбет жырлары халықтың
мәдени мұрасының, рухани
қазынасының ең асылынан
саналады.*

Б.

Аманшин



ӨМІРБАЯНЫ

- **Берқайыр Сәлімұлы Аманшин** (11.11.1924, Орал облысы Қаратөбе ауданы Батпақкөл ауылы — 17.05.1985, Алматы) — ақын, драматург.
- ҚазПИ-ді бітірген (1953).
- Атырау, Жамбыл облыстарында әртүрлі жауапты қызметтер атқарған (1948 — 1952).
- Қазақстан Компартиясы ОК-нің нұсқаушысы (1952 — 53) болды.
- Республикалық газет-журналдар мен баспа орындарында жұмыс істеді.
-



- **XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік мол үлесін қосқан қаламгердің бірі – Берқайыр Аманшин. Ол Шернияз Жарылғасұлы, Ығылман Шөреков шығармашылығын танып-білуге, Махамбет Өтемісұлы поэзиясын зерттеуге, жалпы махамбеттануға ерен еңбек сіңірді.**
- Берқайыр Аманшиннің өзі «Өлеңім – өмірім» естелігінде білімге құштарлығын оятқан балалық кезеңі туралы былай деген екен: «Мен ертеректің өзінде орысша-қазақша мектеп бітірген қызметкер әкенің арқасында жоқшылық көрмей, мәдениетті отбасында тәрбиелендім...». Бұдан түсінетініміз – қаламгердің зиялы әкенің тәрбиесінде болып, оқу-білімнің қадір-қасиетін ерте пайымдап, әдеби туындылармен таныстығы ерте басталғандығы. Оның әкесі Аманшин Сәлім Орынбордағы реальное училищені орысша бітірген, сауатты жан болған. Ал, анасы үй шаруашылығындағы әйел болғанмен, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген жан болған екен.
Болашақ қаламгердің мектептегі білім алу жолында, белгілі бір ерекшеліктер белгі береді. Ол алғаш Астрахандағы татар мектебіне барған, онда алтыншы сыныпқа дейін қазақша, сосын соғыстың алдындағы жылдары Орынборда орыс мектебінде оқыпты. Белгілі революционер Николай Бауманмен гимназияда бірге оқыған Иван Рудольфович Матцкий деген тәжірибелі қарт мұғалімнің сыныбына алынуы болашақ жазушының орыс тілін жетік меңгеруіне, жалпы ой-өрісінің кеңеюіне көп көмегін тигізеді.
Бала сезіміне әсер еткен алғаш әдеби шығарма «Игорь полкы туралы сөз» атты жырдағы әйел зары Берқайырға ауылдағы қазақ әйелдерін елестетіп, қатты әсер қалдырады. Рухаңи дүниесін жаулап, жүрек түкпіріндегі бұйығы бір сырды оятқан жырды кейін түгел аударып, Алматыға, Ғылым академиясына жіберіпті. Аударма ғайыптан-тайып Мұхтар Әуезовтің қолына түсіп, оң баға алған. Бұл туралы қаламгердің өзі «...сәті түсейін дегенде Мұхтар Әуезовтың қолына тиіпті. Ғылым академиясының бір жиынында менің аудармамды ол кісі мақұлдап сөйлепті» деп жазған. Сол кітап 1951 жылы жеке кітапша болып басылып шығып, Б.Аманшин әдебиетке осылай қадам басқан екен.



ТАҚЫРЫП, ИДЕЯ

- Романның тақырыбы – ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Ішкі Бөкей ордасындағы патшалық Ресей мен жергілікті хан-сұлтандардың екі жақты езгіге ұшырап, озбыр саясаттың құрбаны болған қара халықтың қыл үстіндегі азалы тағдыры.
- Романның негізгі идеясы – ел басына күн туған осындай алмағайып заманда атқа мініп, қарашаның хан ұлында немесе хан төңірегіндегі ақсүйекте кеткен кегін даулап, әділет іздеген Исатай мен Махамбет сынды ел ырысына туған ұлдардың азаматтық, мәрттік қасиеттерін, қара басы үшін адам құқын аяқ асты қылған Жәңгір хан Бөкейұлы, Қарауылқожа Бабажанұлы, Шыңғали Орманұлы секілді ел билеушілерінің қатыгездігін, аярлығын көрсетіп, келер ұрпаққа тарих шындығын ашып кету.



ҚОРТЫНДЫ

- «Тарихи роман жанрының бір құндылығы – ол әрдайым халықтың өткен тарихы мен қазіргі өмір арнасына салынған рухани өткел тәрізді» деген зерделі сыншы Зейнолла Серікқалиұлының салиқалы пікірін ескерсек, Махамбет ақын бел ортасында жүрген көтерілісте туған жауынгер жырлардың өр рухы біздің қазіргі егеменді бейбіт өміріміздегі елдік рухымызды көтерсе, тарихи көркем туындының өзекті ойларының ұрпақ тәрбиесіне де тигізер әсері мол болмақ.

